



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Хуан Т

*Е.А.Бөкетов атамдағы Қарағанды университетінің докторанты,
Қарағанды, Қазақстан.*

*(Ғылыми жетекші: Бейсенбекова Г.Б.. – п.ғ.к., қауымд. профессор)
gulmira.beysenbekova@mail.ru*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15078176>

Аннотация. Авторлар мақалада бүгінгі еңбек нарығында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жағдайларында болашақ педагогтар мен психологтарды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындау, оның ішінде инклюзивті білім беру жағдайында, білім алушылармен қарым-қатынас жасауда кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелерін қарастырған.

Кілт сөздері. Инклюзивті білім беру, білім беру жүйесі, педагог-психолог, кәсіби құзыреттілік, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар.

Заманауи қоғам дамуының динамикасы адамның кәсіби қызметі, мансабы үздіксіз білім алуды, өзінің кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін арттырып отыруды талап ететіндігі белгілі, өйткені құзыреттілік ұғымы бүгінгі күні елімізде білім берудің нәтижесі ретінде қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық мамандық бір уақытта өзгертуші әрі басқарушы мамандық болып, тұлғаның дамуын басқару үшін құзыретті педагог-психолог маман рептінде қалыптасу қажет.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортаның көптеген салаларында педагог- психолог мамандарына сұраныс мол болып отыр. Білім беру жүйесінде педагог- психолог оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтарға көптеген мәселелерді тиімді шешудің психологиялық негіздерін анықтауға, балалардың жас және тұлғалық қасиеттерін анықтауға, отбасында және мектептерде балалармен тіл табыса алмай жүргендерге психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту, түзету жұмыстарын ұйымдастыруға және ерекше қиын жағдайларда оқушыларды психологиялық дағдарысының оңтайландыру жолдарын қарастыруға, кәсіби білім беру саласының да сапасын арттыруға мүмкіндік береді [1].

Республикамыздың саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына



талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Әр жастың санасын білім нәрімен сусындатып, оны ары қарай тереңдете жалғастырып, қазіргі заманның талабына сай етіп даярлау, т.б. Бұлардың бәрі – педагог-психологтың қызметі [2].

Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім беру жүйесі гуманистік парадигманы іске асыру жағдайларында тұлғаның мәдени құндылықтарды меңгеруіне мүмкіндік туғызады. Осының салдарынан, білім беруді гуманитарландыру, сондай-ақ адамдық қатынастарды ізгілендіру маңыздылығы күшейтуді қажет етеді.

Жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер, болашақ мамандардың өсіп-жетілуін жақсартуға ықпал етеді, бұл – тек рухани дамыған жан-жақты мамандарды әзірлеу емес, сондай-ақ, ғылымның және техниканың жаңалықтарын шеберлікпен пайдалана алатын мамандар даярлау.

Сондай-ақ, бұны болашақ педагог-психологтардың өздігінен білім алуымен, өзін дамытып, жетілдіру және жаңартылған білім негізінде біліктіліктерін арттыруға негіз ретінде қарастыру қажет. Болашақ педагог-психологтарға өзінің осындай қасиеттерін көрсетуге мақсатты іс-әрекет түрткісі - ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік, тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық құрамы қалыптасуының деңгейін өсіру қажет деп түсінеміз. Жоғары оқу орнында болашақ педагог-психологтардың жеке субъектілігін қалыптастыру туралы айтылғанда, кәсіби білім берудің мақсаты болып эмоционалды құнды қарым-қатынасты қалыптастыру, өзіндік санасының дамуы, кәсіби қызметті бастауға дайындығы аталады.

Демек бүгінгі еңбек нарығында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жағдайларында болашақ педагогтар мен психологтарды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындау, оның ішінде инклюзивті білім беру жағдайында, білім алушылармен қарым-қатынас жасауда олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі, заманауи жоғары оқу орнының көкейтесті мәселе десек болады.

Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары - өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі жоғары гуманистік ойлауы басым, адамгершілік



қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Атап өтетін бір жайт, ол педагог-психологтардың кәсіптік даярлығы оның педагогикалық жоғары оқу орнын бітіруімен аяқталмайды, ол педагог-психологтардың кәсіптік қызметінің бүкіл кезеңін қамтиды. Сонымен бірге, педагог-психологтардың кәсіптік білімін үздіксіз көтеріп отыруы, оның шығармашылық қабілетін дамытуды және дербес педагогикалық тәжірибесін үнемі дамытудың шарты болып табылады. Егер педагог-психологтар қоғамдық ортада белсенді позиция ұстанып, оның дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен кірігіп, педагогикалық ұжымның қолдануға ие болып, кәсіптік шығармашылық ізденісі көтермеленіп отырса, педагог-психологтардың кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық мәдениетінің артуы барынша жемісті болады.

Білім беруді реформалау жағдайында ағымдағы әлеуметтік-педагогикалық үрдістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтарды дайындау қажеттілігі туындап отыр. Жұмысы тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, жақын айналадағыларының және әлеуметтенуінің ерекшеліктерін есепке ала отырып дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға бағытталған жоғары білікті мектеп мұғалімдері аса қажет. Бұл жағдайдың маңыздылығы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда айқындалған. Мысалы, «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада » инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтың арнайы дайындығы шешуші мәнге ие екендігі бекітілген [3].

Берілген құжатта «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек» деп жарияланған.

Жузеге асырған талдаулар нәтижесінде, инклюзивті білім беру мәселесінің түпмәнісі – гуманистік көзқарас тұрғысынан қарастыра отырып, денсаулығына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың да өмірдің өзі таңдаған саласында оқып, жұмыс жасап, табысты болуына мүмкіндіктер жасалуы тиісті екендігі терең ұғынуда.

Білім беруде қалыптасқан заманауи гуманистік парадигмалардың ішіндегі білім беруді ізгілендіру бағдарына негізделе отырып, бұл бағыттың



мазмұнында этикалық нормалар, өзін-өзі ұстау нормалары мен ереже-талаптары қарастыралытыны белгілі.

Осы бағытта инклюзивті оқытуды енгізу адамның танымдық мүмкіндіктеріне және тұрғылықты жері бойынша оның денсаулығына барабар ортаға сәйкес сапалы білім алу құқығын іске асыру бағытында білім беру жүйесін дамытудың жоғары нысаны ретінде қарастырылады. Инклюзивтік білім беру - бұл жұмыстың жергілікті аймағы ретінде емес, жалпы білім беру жүйесінің қызметін тұтас алғанда барлық бағыттар бойынша ұйымдастырудағы жүйелі тәсіл ретінде қаралатын ұзақ мерзімді стратегия ретінде анықталады.

Сонымен қатар, Республикада қазіргі білім беру жүйесін жетілдіру білім беру мекемелерінің педагогтарын даярлау және қайта даярлауды көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекет ететін педагогтарды тандағанда мұғалімдердің бұл саладағы жұмыс тәжірибесін, кәсібилік деңгейін, коммуникативтік дағдыларын, стресске тұрақтылығы, өзінөзі жетілдіруге ұмтылысын және бұл жұмыста маңызды болып табылатын басқа да тұлғалық сипаттамаларына ерекше назар аудару қажет.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруде өзгерістер көп, сол өзгерістерге лайық педагог болу үшін қойылатын талаптар да күрделене түсуде, ол дегеніміз адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту қажет дегенге әкеледі яғни білім беруді гуманизациялау деген мәселе. Болашақ педагог-психологтарды жалпы адамзаттық мәдениеттің жаңа деңгейін меңгеруге дайындай, оның қоғамға, басқа тұлғаларға және өзіне деген қатынасын өзгерту, өзінің педагогикалық іс – әрекеттері мен оның жауапкершілігін арттыру және болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – заманауи жоғары білім беруді гуманизациялаудың басты нәтижесі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Есимғалиева Т.М. «Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру» // Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2020.
2. Жаксыбаева, А. Ж. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру / А. Ж. Жаксыбаева. // Молодой ученый. — 2014. — № 1.2 (60.2). — С. 55-57.
3. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.